

Г.С. Сағынадин

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: gulnaz86.08@mail.ru)**Балалар фольклоры және көркем бейне***

Аңдатпа. *Адамзат жаратылып, жер бетінде пайда болғанынан бастап, өзіндік сана тұрғысынан айналаны таңуға, қоршаған әлемді зерделеуге, табиғатты, оның түрлі құбылыстарын талдап-таразылауға ұмтылды. Ұзақ тәжірибе мен бақылау арқасында айналасындағы жан-жануарлардың бәрін тек біліп қана қоймай, олар жайында толып жатқан миф, аңыз-әңгіме, арман-қиялға толы хикаялар, қаншама терең жырлар мен ертегілер тудырған. Мұндай халық шығармаларының ұлттық құндылыққа айналудағы мәні әр жанрдың мазмұны ұсынатын бейнелердің қыр-сырында жатыр. Балалар фольклорының тууы мен қалыптасуына да негіз болған көркем бейнелер жүйесінің терең таным мен ғылыми саралауды қажет ететіндей өзектілік деңгейі жоғары.*

Бейне – туындының тақырыптық табиғатын ашып, идеялық бірлігін жеткізуші басты құрал. Олай болса, фольклор аясында ерекше болмысымен танылған, халық әдебиетіне өзек болып, идеялық-эстетикалық, көркемдік бейнеге айналған жануардың бірі – түлкі. Ендеше бұл мақаланың негізгі мақсаты – түлкі бейнесінің балалар фольклорының дамуы мен өркендеуіндегі, соның ішінде әлпештеу жырлары мен жеткіншектер поэзиясындағы идеялық-эстетикалық рөлін таныту. Зерттеу барысында балалар фольклорының түрлі жанрларын сараптау арқылы ондағы түлкі бейнесінің көріну деңгейі сараланды. Табиғаттағы түлкі жануары мен фольклордағы көркем бейненің ара-жігі, айырмашылықтары мен ұқсастықтары тереңдей зерттелді. Фольклортанушы-ғалымдардың теориялық тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, сәбилік жырлар мен қызықтамалар, өтірік өлеңдер, жұмбақ жанрының дидактикалық әрі эстетикалық функциясы сөз болды. Түлкі болмысына тән тапқырлық, ақылдылық, сымбаттылық т.б. қасиеттер оның көркем бейне ретінде фольклорлық шығармалардағы рөлін анықтады. Сол арқылы балалардың ой-өрісі мен сана-сезіміне, тәрбиесі мен дүниетанымына ықпал етуде қуатты күш болып, баланың ақыл-ой, сана-сезім, дүниетанымын дамытудағы бейнелік құрал екені айғақталды.

Кілт сөздер: *балалар фольклоры, әлпештеу жырлары, бесік жыры, түлкі бейнесі, бейнелілік.*

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-123-134

*Мақала 2020-2022 жылдарға арналған ҚР БЖҒМ грантымен қаржыландырылатын «АР 08856218 - XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылым кеңістігі: ғылымдар ықпалдастығы және әдебиеттану» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Кіріспе

Көне мәдениетіміздің қай саласының болсын қайнар көзі деп біз әрқашанда фольклорды танимыз. Көз жазып, адасып қалған, көп уақыт ұмыт қалдырып, естен шыққан асылымыздың көне түбірін әрқашан содан тауып аршып алып жатамыз. Дәстүрлі тәрбиенің де алтын тамыры сол фольклорда жатқандығы даусыз.

Бүгінде «фольклор» термині халықаралық көлемде өзінің бір кездегі «халық ауыз

әдебиеті» деген ұғым шеңберін ұлғайтып, халық өнерінің музыка, қолданбалы өнер, халық ойындары сияқты салаларын да толық қамтитын кең өріске ие болып отыр. Оның тәрбиелік рөлін де осы кең мағынасында қарастырған жөн. Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні – шексіз, шектеусіз терең дүние. Ол – тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңі үшін мәнді, адамзаттың рухани-эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағышталған, сәбидің жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында талдау, салыстыру, жүйелеу әдістері қолданылды.

Талқылау

Жалпы, бұған дейінгі ғылыми еңбектерімізде қазақ фольклорының аңыздық және ертегілік түрлері зерттеу нысанына алынып, ондағы түлкі бейнесінің көркемдік сипаты, эстетикалық мәні, танымдық болмысы және де гираттық функциясы қарастырылған болатын. Әлемдік дәстүрде көрінетін түлкі бейнесінің сипаты сараланып, қазақ халық әдебиетіне тән фольклорлық бейне ретіндегі ерекшеліктері талданған. Ал, бұл ғылыми ізденісіміз қазақ халық әдебиетінің балаларға арналған жанрлық туындыларындағы түлкі жануарының көркем бейне ретінде бой көтеруі мен шығарманың бейнелілік сипатын берудегі орнын бағамдауға бағытталып отыр. Себебі фольклортанушы Халел Досмұхамедұлы: «Қасқыр, барыс, шибөрі, жолбарыс, арыстан, қабан, аю және басқа көптеген аңдардың халық әдебиетіндегі орны ерекше, әйтсе де төрт түліктің қас жауы – қасқыр мен түлкі бейнелері қазақ танымында ерекше дараланады. Неміс әдебиеті болмаса (*Рейнеке – лис*), өзге ел әдебиетінен қазақы түлкі бейнесіндей түлкінің сомдалған бейнесін кездестіре алмайсыз» [1, 217] - деген болатын.

Балалар фольклоры – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен, эстетикалық талғамдылығымен бағалы. Жалпы, «халықтың көкейтесті ой-арманын, тілегін бейнелеген, оның рухани және эстетикалық қажеттеріне сай келген ежелгі қазақ поэзиясы бізге өзінің білімдік, танымдық, эстетикалық қасиеттері мол мәңгі өшпес үлгілерімен де, поэзияны дамытудың сарқылмас қайнар бұлағы ретінде қызмет етіп келгендігімен және қызмет етіп отырғандығымен де қымбат», - дейді ғалым М.Қаратев [2,13]. Балалар фольклоры өзінің поэзиялық әрі прозалық түрімен терең танымдық қызмет атқарса, оның тәрбиелік функциясы да аса қарқынды күшке ие. Соның ішінде бала тәрбиесі – балалар фольклорының басты нысанасы. «Әрбір ұлттың бала тәрбия қылу туралы жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиясы баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбияшы, сөз жоқ, ұлт тәрбиясымен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбияшы баланы сол ұлт тәрбиясымен тәрбия қылуға міндетті» [3,13]. Ұлы Мағжан ақын бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін дәріптейді. Өйткені «адам ұрпағымен мың жасайды» дейді қазақ мәтелі.

Балалар фольклорында орын алатын бесік жырының маңызы өте ерекше екені сөзсіз. Қазақ халқы бесік жырын «әлди» деп атайды. Әлдилеу – тербету немесе баланы

алдына алып бір қалыптағы ырғау деген ұғымды білдіреді. «Әлди-әлди» – орыстардағы «баю бай», өзбектердегі «алла алла», татарлардағы «әлди бәлли» сияқты қазақ бесік жырындағы тұрақты қайырма. Бесік жырларында дүниеге келген жас нәрестенің болашағын ойлап, қолдан келер мүмкіндіктерін соның жолына бағыштауға тырысады. Бесік жырында айтылатын тілек, ақыл өсиеттерден халық нені көксегендігі көрінеді.

Баланы жақсы көру, еркелету, айналып-толғануға байланысты айтылатын не түрлі балама, теңеулер табиғатынан қазақы тұрмыстың иісі аңқып тұрады. «Қозы жүнді көрпешім», «Қойдың жүні қалпағым», «Әлди-әлди тайлағым, өрістегі шандағым», «Құлынтайым», «Серке балам», «Ботақаным, боташым» секілді айшықты сөздер – бесік жырының негізін құрап, сәбиге арналатын негізгі еркелету тіркестері. Өйткені халық төрт түліктің қадірі мен қасиетін бағалап, байлық көзі еткен. Әр малдың піріне бас иіп, ерекше сүйіспеншілікпен қараған. Сондықтан қазақ халқы баланы жұбатса да, ойнатса да, еркелетіп сүйсе де оның жақсы қасиеттеріне немесе көркем тұлғасы мен көрінісіне теңеп айтатын болған. Сонымен қатар төрт түлік малмен қатар өзге жан-жануралардың да өзіне тән қадір-қасиетін танып, «әлди» жырларына қосып, сәби бойына сіңіруді ниет еткен. Яғни «төрт түліктің еті мен сүтін тамақ, жүні мен терісін киім етіп, ен табиғатты кең жайлап, аңшылық, саятшылық құрған өмірден туған өрнектер» бесік жырының ұйытқысы болмақ.

Әлди, әлди бөбегім,
 Жұбанбайтын не дедім?
 Бөбегімді емізіп,
 Бесігіне бөледім.
 Әлди, әлди бөбегім-ау!
 Әлди, әлди апшағым,
 Қойдың жүні қалпағым.
 Түлкі жортпас түлейден,
 Жол салдырған қарсағым,
 Әлди, әлди бөбегім-ау
 Әлди, әлди, әлди-ақ,
 Ер жеткенде жылқы бақ.
 Үлкен таудан түлкі қақ,
 Тәңір берсін басқа бақ,
 Әлди, әлди, бөбегім-ау! [2, 204].
 ...Маң төбеттей ұйқылы бол,
 Түлкінің баласындай күлкілі бол. [2, 129].

Мінекей, бөбекті жұбатудағы ананың аялы сөздері жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Олардың ерекшеліктерін ескере отырып, балаға теңеу етіп, айналып толғанады. Осындай балама-теңеу қатарында түлкі хайуанатының орын тебуі өзіндік маңызға ие. «Түлкінің баласындай сүйкімді бол» деп баласына тілек білдірудің қыры мен сыры өзгеше. Өйткені түлкінің сыртқы келбетінің көз тартарлық қасиеті бар. Сымбатты тұлғасы мен бағалы терісі өзге жануарлардан ерекше етіп, сылқым да кербез сұлудай болмысы мен паң жүріс-тұрысы оның халық әдебиеті үлгілерінде «түлкі бикеш» атануын айғақтайды. Сондықтан жан-жануар төлдеріне ықылас білдіріп, кішкентай сәбилерін «құлыным», «қошақаным», «ботақаным» деп еркелеткен ел түлкі баласының айрықша сүйкімділігі мен тартымдылығына бас иіп, балаға арналған тілекке арқау еткен.

Бала тәрбиесінде ойып орын алатын және балалар фольклорының қалыптасуына ықпал ететін халық туындыларының бірі – қызықтамалар. Қызықтамалар (прибаутки) негізінен белгілі сюжетке құрылып, өлеңдік баяндау түрінде жырланады. Ол тақпақтардан, сұрамақтардан көлемдірек болып келеді және өлең құрылысы одан ерек, танымдық,

ғибраттық астарында жеңіл әзіл, юмор астарласып жатады. Өлең белгілі бір сюжетке құрылып, шағын ертегіге ұқсайды да, сұрақ арқылы басталып, бірден-бірге өрби дамып, бала ойын «одан әрі» не болар екен дегендей қызықтыра тартып отырады. К.Ісләмжанұлы: «Бала үшін өлеңде негізінен аң-құс, жан-жануарлардың адамша әрекет етуінің өзі қызық, ол – бала қиялын ұштайтын құрал. Бұл жағынан қызықтамалар тізбекті (кумулятивті) ертегіге жақын келеді» [2,138], - дейді. Бұдан қызықтамалардың түпкі негізінде ертегілермен тамырластығы бар екендігін байқаймыз. Ал қызықтамаларға арқау болатын лирикалық қаһармандардың қатарында түлкі бейнесі де көрінеді. Мәселен:

Түлкі, түлкі, түлкішек,
Түнде қайда барасың?
Апам үйіне барамын.
Апаң саған не берер?
Ешкі сауып не берер?
Лақ сойып бұт берер.
Оны қайда қоясың?
Жалпақ тасқа қоямын.
Ит иіскесе қайтесің?
Бақан ала қуамын.
Былғанып қалса қайтесің?
Ағын суға жуамын.
Ағып кетсе қайтесің?
Пароходпен қуамын.
Жеткізбесе қайтесің?
Жылай, жылай жүремін [2,80].

Қызықтама сюжеті шындықтан алыс қиялға негізделіп, түлкі кейіпкер адам бейнесінде көрініп, адамға лайық іс-әрекет жасайды. «Түлкішек» деп еркелету реңкін қосқан халық бұл аңды бала жанын баурап алу мақсатына негіз етеді.

Өтірік өлең – қазақ халық поэзиясындағы ерекше қызықты, балалар құмарта тыңдап, қызыға жаттап алатын фольклорлық жанр. Өтірік өлеңді бүлдіршіндер ғана емес, үлкендер де сүйсіне тыңдайды, тіпті бүгінгі айтыста да бұл жанр жаңа қырынан танылып жүр. Сол сияқты халық «Тазша баланың қырық өтірігі» жөніндегі ертегіні де ұрпақтан-ұрпаққа қастерлей жеткізіп келеді. Бұл өтірік өлеңнің қазақ фольклорындағы көне де дәстүрлі жанр екендігін көрсетеді.

«Қазақтың ертедегі салты бойынша, ойын-сауық кездерінде айтылатын өлеңнің бір түрі – өтірік өлең, – дей келіп, – нақтылы деректерді мол шеберлікпен үдеген фантастикалық дәрежеге жеткізу, адамның ойына келмейтін «өтірік» әңгімеге айналдыру – қазақ ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдер түрінің негізгі бір ерекшелігі болып табылады» [4,61] - деп көрсетеді ғалым М.Ғабдуллин.

Әрине, балалар репертуарындағы өтірік өлеңдердің ересектер жырынан айырмашылығы бар. Ең алдымен, үлкендердің өтірік өлеңдеріндегі салмақты әлеуметтік жүк балалар өлеңдерінде байқала бермейді. Олардың құрылысы қарапайым, ұзақ сонар сюжет жоқ. Өлеңдерде шеңдестірілетін заттар, жан-жануарлар да балаларға күнделікті өмірден таныс болып келеді. Өлеңге өзек болатын жануарлар ішінде түлкі бейнесі қандай? Қандай дәрежеде орын алған? Сондай-ақ жөні бөлек жанр – жұмбақтардың да идеялық әрі көркемдік болмысы жан-жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Бұл ретте түлкі бейнесінің де өзіндік орны бар екені сөзсіз. Мақаланың алға қойға мақсатына сай мұндай тану-талқылау жұмыстары көптеген дәлел, дәйектермен көмкеріліп, ғылыми тұжырымдардың негізін қалаған зерттеу нәтижелерін төмендегідей түйіндеуге түрткі болды.

Нәтижелер

«Көне бесік жырының ішкі тылсымын қара лашығындағы қазан-ошақ маңайында ұршығын иіре отырып, аяғымен бесік тербеткен шаруа әйелінің тұрмысын көрмей жан дүниенмен жете түсіну мүмкін емес...Сол қолымен шүйке созып, оң қолымен ұршық айналдырады. Өмір сәулесі ошақтағы жалын ұшында сөніп-жанып лыпылдап тұр. Міне, бесік жырының бар ішкі табиғаты осы көріністен нәр алады» [5, 363-364] - деп А.Н.Толстой жазғандай, көне қазақ бесік жырларының да ішкі иірімдерінде бие байлап, қымыз ашытып, қой сауып, құрт қайнатып, май шайқап жүріп көз қыры бесікте болатын, жүн сабап, арқан есіп, өрмек тоқып, тері илей жүріп те бөбегін өбектейтін қазақ әйелінің рухани әлемі сәуле береді. Олай болса, жоғарыда аталған бесік жырының үзіндісінде келтірілген

«Ер жеткенде жылқы бақ,

Үлкен таудан түлкі қақ» - деген тармақтар халық этнографиясы мен тұрмысынан сыр шертеді. Өйткені қазақтың ардақтағаны да, құрметтегені де – жылқы. Мінсе – көлік, сойса – қазы-қарта, сауса – қымыз болған «ер қанаты» атанған асыл түліктің ыстық-суығына төзіп, қадірін білетін ұрпақ тәрбиелеу дәстүрлі бесік жырларында көп жырланады. Ал бүркіт пен тазы сайлап, аңға шығу – қазақы болмыстың бір бөлшегі. Аңшының ептілігі мен тазының алғырлығы, жалпы аңшылықтың биік дәрежесі – түлкі аулаумен өлшенсе керек. Түлкі – бағалы олжа болуымен қатар, аңшының тәжірибелігі мен тіс қаққан шеберлігін талап ететін олжа. Ендеше, бөбек жырында түлкі хайуанының табиғатынан сыр шертіп, сәнді әуезбен бала санасына ұқтырудың мәні тереңде жатыр. Мал бағып, қызмет қылатын, ата дәстүрін жалғастыратын еңбекқор жан – бесік жырындағы басты идеалдың бірі.

Қазақ балалар қызықтамаларының шығу тегінің тым әріде екендігіне оның кейбір үлгілерінің туысқан түркі тектес халықтар жырларынан кезігетіні де дәлел бола алады. Олай болса, «Түлкі, түлкі, түлкішек» өлеңінің өзбекше нұсқасы да фольклордың алтын қорын молайтып, аталмыш аңның фольклор туындыларындағы орнын салмақтайды:

Түлкіча – я. Түкіча,
Түнде қайға барасың?
Момо үйіге борамын.
Момонг санға не деди?
Утин териб ке деди.
Утын тердим үн құчоқ
Кырдан тердим қырқ кучоқ
Момонг уни не қилар?
Нон енди учок –
Элга берди әлек дай,
Келингә берди келидай,
Менга берди тирнадай.
Өтей урдим әшиққа,
Мангайым тегди текшиққа
Уни нема қыламы?
Оққина чүржи алди.
Бутаға бариб тунди... [2,81].

Екі жырдың түп негізі, формалық пішіндерінің бір екендігіне шек келтірмейміз. Өр халықтың тұрмыстық, кәсіптік өзгешеліктеріне байланысты жыр жолдарындағы айырмашылықтар да айқын танылады. Қазақша нұсқасындағы «пароходпен қуамын» тіркесінің соңғы кезеңде жамалғандығы да анық.

Жалпы, фольклорлық жанрларға тән көп нұсқалық (варианттылық)

қызықтамаларда да ерекше байқалады. Бұл өлеңдердің бірнеше нұсқаларын салыстыра отырып, олардың өмір тезінен өткен көпстадиялы сипатын аңғару да қиын емес.

Сондай-ақ атақты фольклортанушы Ә.Диваев «Қазақ халық шығармашылығы» атты еңбегінде Жиделі-Байсын жерін жайлаған лақай елінің этногенезін саралап, фольклорлық мұра аясына талдау жасайды. «Лақай ауыз әдебиетінде ерекше мол кездесетіні – бедала, тақырыптық жағынан тұрмыстық ахуалды дәл көрсететін және сонымен бала тілін жаттықтыратын біздің жаңылтпаш сияқты тақпақтар». Осындай тұжырым жасай отырып, фольклортанушы бедаланың бір нұсқасын келтіреді:

Тулки, тулки туманда
Құйрықлари гуманда,
Тулки қайға барасан?
Мама уйи барамын!
Маманг ниме береді?
Ечки сути береді?
Ечкисининг сути жоқ,
Улағиининг пути жоқ!
Алиб урдим ешикке,

Тахта будди бешикке [5,312]. Зерделеп қарасақ, түркі халықтарының бай мұрасын құруда, халықтық әдебиет үлгілерін жасауда тұлкі бейнесінің тұғыры биік. Ел игілігі бола алатын, адамзат тұрмысы мен тірлігіне етене жақын бола алатын, сондай сабақтастық нәтижесінде әдеби дамуында да көрініс табатын әдеби кейіпкер екендігі сөзсіз.

Жас баланың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, іздегені өз айналасынан табылып отыратындай қызықты да күлкілі етіп айта білу халықтық шығармаларда көп кездеседі. Балаға танымдық әрі эстетикалық тәрбие беруде сол шығармаларға лайықты кейіпкер таңдау – маңызды іс.

Тұлкі – балалар әдебиетінде кеңінен көрініс тапқан кейіпкер. Сондықтан өтірік өлеңдер әлемінде де тұлкі бейнесі өз тұлғасын қалыптастырған. Мәселен, әйгілі этнограф-ғалым В.Радлов фольклорлық зерттеулерге арналған жазбаларында өтірік өлеңнің тамаша үлгісін береді. Өлең өрміңде өзгеше өрнекпен өрілген тұлкі табиғатын танимыз:

...Бөгелектің терісі ер тұрманым,
Қоян мініп мен өзім жау қуамын.
Шегірткенің айғырын ұстап мініп,
Тұра қашқан тұлкіні бұлтартпаймын.
Көлбақаның көнектей сүйегі бар,
Көртшшқанның қырық құлаш үйегі бар,
Өзім барып жерінен алып келдім.
Бір тұлкінің қырық арба сүйегі бар
Өтірік өлең айтайын ердің басы,
Жау қияқтың түбі ердің қасы
Өзім барып жерінен алып келдім,
Бір тұлкінің қырық арба омыртқасын[6,39].

Мінекей, өтірік өлеңге тән ерекшеліктер бала жанын баурап алатын қасиетті үстеп тұр. Сюжет желісіндегі әрекеттер күлкі туғызады. Тұлкі болмысы адам сенгісіз кереғар кейіпте сипатталып, бірде әсіреленіп, бірде кемітіліп, көркемдік тәсілдермен көмкерілген. Фантастикалық бояуға қаныққан тұлкі бейнесі бала қиялын ұштауда, бейнелі ойлауға жетелеуде, ұтқырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуде аса маңызды рөл атқарады.

Бұл жануардың балалардың сүйікті мұрасында көптеп кездесетініне көз жеткізу үшін төмендегі өлең үлгісіне назар салайық:

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,
 Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.
 Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,
 Қан түсіп аяғыма ала жаздай.
 Тамырға өтірікті қап-қап бердім,
 Найзасын нар қамысқа саптап бердім,
 Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
 Түлкіге төстен қашқан тап-тап бердім [3, 16].

Иә, жүйрік тазының уысына түсе бермейтін түлкінің адамға «тап беруі» немесе жыртқыш аңның қатарындағы хайуанды «адамның жайлауы» – қиыннан қиыстырылған тапқырлық, ойдың өткірлігі мен логиканың күштілігі болып табылады. Түлкі бейнесі көркем ойдың асқан шебер түрімен сипатталса керек.

Жалпы, өтірік өлеңдер адамның көңіл күйін көтеріп, ойын сергітіп, бір ауық күлдіріп қоюмен қатар, оқушысын арман ағысының зор болашағына қарай ұмтылуға үйретеді. Сөз еткен тақырыптардың бәрінде де адам күлерлік, бой сергітерлік әдемі, жарасымды әзіл-оспақтардың болуымен қатар үлкен ойға шомдыратын, өмір танытарлық құбылыстар да қамтылып отырған. Бұл тұрғыда ақын І.Жансүгіров: «Қазақтың өтірік өлең, өтірік ертегі дегендері расында кенеуі жоқ босқа өтірік емес, өте шеберлікпен, тілдің орамдылығымен өзгеше өңделген сөз...Өтірік өлеңде өмір көп. Әр жануардың...тұрмысқа байланысы бар» [7,152].

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
 Борсықты ұстап мінсең аттың мүлкі.
 Ішінде топ кісінің жығып кетіп,
 Қылдың ғой, ойбай, қарсақ, мені күлкі [2,42].

Түлкі адам иелігіне өтіп, қолға үйретілген жануар ретінде тамаша суреттеледі. Жылқыдай асыл жануармен салыстыра отырып, түлкі бейнесін биіктеткен халық бала зердесіне ой ұялатқан. Өйткені өтірік өлең жөнсіз қиыстырылған сөздердің ұйқасы ғана емес, онда белгілі бір заңдылық, логика бар. Бала ойын жетелейтін де осы «ақылға сыйымды «өтірік». Соңдықтан да К.Чуковский өтірік өлеңді «смысловая игра» деп атап, оның мәні жөнінде: «Мұндай өлеңдер мен ертегілердің пайдасы айқын: бала әрбір «бұлай еместің» көлеңкесінен оның «дәл солай» екендігін жіті сезінеді, әрбір қалыптан ауытқу баланың қалыпты өмір жөніндегі ұғымын нық орнықтырады және ол өзінің әлемді танудағы бағдарының беріктігіне сене түседі» [2,84], - деп үлкен келелі ой айтады. Яғни өтірік өлеңнің астарындағы күлкі туғызатын жеңіл әзіл, юмор – баланы үлкен рахатқа бөлейтін рухани азық. Және ол күлкі – ойлы күлкі. Бала күлу үшін алдымен күлкінің көлеңкесіндегі шындықты тануы керек. Бала шындық пен өтірікті салыстыра отырып өлеңмен өрілген үшқыр қиялды, тапқырлықты, шеберлікті таниды.

Ән айтса болды торғайды,
 «Досым» деп түлкі қорғайды. [8,47].
 Сірә, өтірік айтып едім, қайда мен,
 Тұрымтайға түлкі алдырдым айламен [8,58].
 Түлкіге бір тойда ән салғызып ем,
 Көрмепті ел одан асқан өнерпазды-ай [8,134].

Осылайша иен даланың жануары фольклор әлемінде орын алып, халықтық ой-арман, қиял бейнесіне айналады. Әсірелеу, бейнелеу, шендестіру секілді көркем-поэтикалық құрал болып, ақындық өнердің өрісін кеңейтеді.

Фольклордың сарқылмас көзінен нәр алған бұл жанр халық ақындары мен балалар жазушыларының шығармашылығында жалғасын тауып дамып келеді.

Допша теуіп кірпіні,
Балалар футбол ойнапты.
Мініп қызыл түлкіні,
Әжеміз той тойлапты [8,34].

Қазіргі өтірік өлеңнің қызық табиғатын «...біздің заманымызда туған өтірік өлеңдер – адам қиялының, арманының өрісін кеңейтетін, қиыннан қиыстырып көп болжаулар жасауға мүмкіндік беретін және ұтымды пікір тудыратын қызықты жанр. Балаларды мәз-мейрам етіп, көңіл-күйін өсірумен қатар оларды қиял пырағына мінгізеді» [9,130] - деп Ш. Ахметов жақсы ашып көрсетеді.

Міне, «түлкіге мінген әжеміз» көз алдымызға келіп, өзгеше картина қалыптастырады. Қанат қиялы алысқа самғаған сайын, ондағы бейнелердің де тұғыры биіктейді. Түлкінің әр бейнесі мен суреттелген қимыл-әрекеті ол туралы таным талпынысын үдетіп, зор қызығушылық тудырады.

Адамның эстетикалық идеалы, арманы таусылмақ емес. Өтірік өлең деп жарияланса да, ондағы әңгімеленіп отырған күрделі мәселелер, түптеп келгенде, шындыққа айналуы ғажап емес. Олай болса, «түлкі айдау», «түлкі жайлау», «түлкіге міну» секілді халық фантазиясы ақиқат шындықпен сабақтастық тапса керек.

Әлемдік ғылыми өмір күнделігіне көз жіберсек, қызықты жаңалық жаршысына кез боламыз. 1959 жылы Ресейдегі Цитология және генетика Институтының директоры Д.К.Беляев күміс қара түсті түлкілерді қолға үйрету бойынша көп жылдық тәжірибесін бастаған. Тәжірибе барысында көбейту үшін түлкінің адаммен біршама жақсы қатынастағы ерекше түрлері ғана алынды. Тәжірибе қорытындысында қолға үйретілген күміс қара түлкілердің популяциясы пайда болды. Бұлардың өзге жабайы түлкілерден физиология, морфология және тәртібі жағынан айырмашылығы анықталды. Бірақ тәжірибе нәтижесінде ауыл түлкісі өз кейпін жоғалтқан. Атап айтсақ, құйрығы ішіне қарай бүгіліп, маңдайы шығыңқы түрге еніп, құлақтары өзгерген. Сонымен қатар терісінің сапасы төмендеген. Бұл аталған жобаның экономикалық тиімсіздігіне әкеліп соқты. Популяция жұмысы тек зерттеу мақсатында ғана өз жалғасын тапты [10,167].

Халықтық шығармалар ішінде балалар фольклорынан үлкен орын алатын – жұмбақтар. Жұмбақтар және оның шешімін айту баланың ақыл-есін дамытады, ойын шынықтыра түседі. Ойлауға, ойлаған ісін жүзеге асыруға жаттықтырады.

Әдебиетші С.Сейфуллин: «Жастар бас қосқан жердегі көбірек айтылатын ойын-күлкі сөз – жұмбақ айтысу. Жұмбақ айтысу – хат жаза білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп безейтін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған. Мал баққан көшпелі елдің жұмбақ айтыса білмейтін жасы болмаған» [11,147] - дейді.

Қазақ жұмбақтарының табиғаты ғалым М.Ғабдуллин еңбегінде де терең сараланған: «Жұмбақтарды адам баласының ой-өрісі, дүниетанымы, білім көлемі ұлғая беруіне көмектесетін, тапқырлыққа, білмегенді білуге, ізденуге ой салатын, соған ұмтылдыратын білімдік, тәрбиелік мәні бар халық шығармасы деп қараймыз» [4,33] - деп ой түйеді.

Олай болса, жануарлар әлемімен етене жақын болып, әдеби дүниесінде жан-жақты жырлаған халық түлкі бейнесін де басты идеалдың біріне айналдырып, осы бір жұмбақ тәрізінде де оған орын сайлаған.

Сылаңдап бір бұраң бел елден қашқан,
Құлығы бар болса да жұрттан асқан.
Жол нұсқап қуғыншыға куә болып,
Қол қойып ақ қағазға мөрін басқан [12,300], - деп айтыскер өз жұмбағын ұсынса, ал

қарсы айтыскердің жауабы шешімнің нысанасына дәл тисе керек.

Түлкіні бұл жұмбағың салады еске,
Жетерлік қулық онда бар емес пе?
Білдірер қайда екенін қуғыншыға
Мөрің – із, ақ қағазың – қар емес пе? [12,300].

Әсем сөздің әрімен түлкі бейнесі тамаша жұмбақталып, поэтикалық тұрғыдан жоғары бағаға ие болары сөзсіз. Метафоралық бейнелеулер арқылы сырлы сымбаты сомдалса, ақыл көкжиегінің кеңдігі де дәл көрініс тапқан.

Академик М.Әуезов қазақтың әдет-ғұрып, салтында, өнерінде жұмбақтың да ерекше орын алғанын айта келіп: «Кейде бүкіл бір ертеке жұмбақтан тұрады. Өңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады» [7,91], - деген құнды ой тербейді.

Түлкі бейнесінің жұмбақ боп өріліп, халықтық әдебиетте кең құлаш жаюы келесі үлгілерден де анық көрінеді:

Ылпың-жылпың мінезі,
Барып тұрған қу өзі.
Азығы – тышқан,
Көрсө тазыны,
Зытып пысқан.
Қар үстінде қызыл-ақ,
Құйрығы оның ұзын –ақ [13,162].

(түлкі)

Өзі қу, жүрген жері у-шу [13,162].

(түлкі)

Осылайша, жұмбақ әлеміне түлкінің бүкіл болмыс-бітімін сыйғызған қазақ халқының қызыл тіліне қайран қаласың. Балалардың таным үдерісінде жетекші орын алатын жұмбақтарға арқау болуы да оның бейнелік маңыздылығын арттырады.

Қорытынды

Түлкі бейнесі – жалпы қазақтың тұрмыс-тіршілігін, оның ішінде ата дәстүрі ретінде балаға мирас боп жеткен аңшылық өнердің мәнін дәріштеп, әдеби сахнаға шығарудағы басты бейнедардың бірі. Қазақтың фольклорын зерттеп-зерделеуде Халел Досмұхамедұлының қалдырған қолтаңбасы ерекше. Ғалым қазақ халық әдебиетін классификациялап, жануарлар туралы фольклорлық жанрды ертегілерден бөлек қарастырып, «жануарлар эпосы» деп атайды. Сонымен қатар «Қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен кәсіп-шаруашылығы, мәдени дәрежесі табиғатпен және жан-жануарлардың мінез құлқы мен тыныс-тіршілігі туралы аса бай әдебиет жасалған...Қазақ жырларында қасқырдың, түлкінің, есектің ерекше бейнелері бар», [1, 98] - деп пікір айтады.

«Бұдан бұрын жиналып алынған және жарыққа шығарылған материалдарға сарқырап аққан өзен суындай келіп қосылған қазақтың ертектік эпосының этнографиялық материалы... мен мақал-мәтелдері сізге қазақ тұрмысының қыры мен сырын жан-жақты ашып береді... Қазақтың аса бай хайуанаттық эпосы, әсіресе, түлкі туралы эпосы салыстырмалы этнография үшін жемісті материал бола алады» [14, 74]. - деген фольклортанушы Ә.Диваевтың да тұжырымы қазақ фольклорындағы түлкі сипатының жоғары деңгейін бағамдайды. Осындай іргелі ой-пікірлермен қуатталған өзіндік тұжырымдарымыз дала хайуанының халық әдебиетіндегі орнын, оның балаларға арналған жанрлық түрлеріндегі танымдық, моральдық, эстетикалық ерекшелігін айқындау секілді

зерттеудің мақсат-міндеттерінің орындалғанына негіз болады есептейміз.

Жалпы, балалар фольклоры өзінің ерекшелігі, поэтикасы, өмір сүру формалары, өз орындаушылары арқылы этнопедагогикамен тығыз байланысты екенін танытады. Онда «халықтың моральдық танымы, ұлттық болмысы, еңбек және шаруашылық іс-әрекетінің ерекшеліктері анық көрінеді» [15, 410]. Балалар фольклоры адамның толыққанды тұлға болып қалыптасуында және ұлттық танымның орнығуында үлкен рөл атқарады. Өйткені заманауи әлеуметтік-мәдени жағдаяттар, үш тұғырлы тіл және жаһандану жағдайында дүниетанымның ұлттық моделі ерекшеліктерін танып-білу маңызды әрі қажет. Сондықтан балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін, ондағы көркем бейне мәселесін қарастыру, зерделеу ұлттық салт-дәстүріміздің сақталуы мен дамуының жалпы үдерісінде аса мәнге ие.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұрғали Р. *Әдебиет теориясы*: нұсқалық. Астана: Фолиант, 2003. - 344 б.
2. Исламжанұлы К. Рухани уыз. Алматы: Ана тілі, 1995. – 146 б.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. Құрастырған Ш. Ахметов. 2-ші бас.- Алматы. : Мектеп, 1980. – 358 б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1974. – 318 б.
5. Диваев. Ә. Қазақ халық шығармашылығы. Астана: Алтын кітап, 2007. — 347 б.
6. Радлов В. Алтын сандық. Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 239 б.
8. Балалар фольклоры. Бесік жыры. Өтірік өлеңдер. Мазақтамалар. Жаңылтпаштар. Санамақтар / Құраст. Л. А. Сейітова. - Көкшетау : Келешек-2030, 2008. - 232 б.
9. Ахметов Ш. *Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі*. Алматы: Мектеп, 1965. – 304 б.
10. История одного экспоната. Лиса совхозная [Электрон. ресурс] – 2007. – URL: <https://www.vokrugsveta.ru/vs/article/5964/> (Қаралған күні 4.06.2021)
11. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Шығармалар. 6-том. Алматы: Ғылым, 1964. – 495 б.
12. Алтын абдыра. Қазақ балалар ауыз әдебиеті / Құраст. О.Асқар. – Алматы: Балауса, 2007. – 469 б.
13. Смақов Ж. *Жаңғырық*. Алматы: Жазушы, 1976. – 180 б.
14. Қазақ фольклористикасы. Жалпы ред. бас. М. Ғабдуллин. – Алматы: Ғылым, 1973. – 299 б.
15. Бадмацыренова Ц. Б. Детский фольклор бурят: жанрово-тематическое своеобразие: автореферат дис. кандидата филологических наук: 10.01.09. / Бурят. гос. ун-т. – Улан-Удэ, 2005. – 22 с.

G.S. Sagynadin

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Children's folklore and artistic image

Abstract. Since the creation of mankind, he strove to know the environment from the point of view of self-awareness, to study the world around him, to analyze nature and its various phenomena. Thanks to many years of experience and observations, he not only knew all the animals around him, but also created many myths, legends, fantastic stories, poems and fairy tales about them. The essence of such folk works in the transformation of national values lies in the complexity of the images represented by the content of each genre. The system of artistic images,

underlying the origin and formation of children's folklore, is of high relevance, which requires deep knowledge and scientific analysis.

The image is the main tool that reveals the thematic nature of the work and conveys its ideological unity. Thus, the fox is one of the animals known in folklore for its unique nature, which has become the core of folk literature and has become an ideological, aesthetic and artistic image. Therefore, the main goal of this article is to show the ideological and aesthetic role of the fox image in the development and prosperity of children's folklore, including lullabies and youthful poetry. In the course of the study, the level of visualization of the fox's image was analyzed by analyzing various genres of children's folklore. The similarities and differences of the fox in nature and the artistic image in folklore have been studied in detail. Guided by the theoretical conclusions of folklorists, the didactic and aesthetic functions in the genre of children's songs and jokes, fables, riddles were discussed. Savvy, intelligence, grace, etc. foxes defined her role in folklore as an artistic image. It has become a powerful force influencing the thinking and consciousness of children, education and worldview, as well as a figurative tool for the development of the mind, consciousness and worldview of a child.

Keywords: children's folklore, nurturing songs, lullabies, the image of a fox, imagery.

Г.С. Сағынадин

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Детский фольклор и художественный образ

Аннотация. С момента создания человечества он стремился познать окружающую среду с точки зрения самосознания, изучать окружающий мир, анализировать природу и различные ее явления. Благодаря многолетнему опыту и наблюдениям он не только знал всех животных вокруг себя, но и создал множество мифов, легенд, фантастических историй, стихов и сказок о них. Суть таких народных произведений в трансформации национальных ценностей заключается в сложности образов, представленных содержанием каждого жанра. Система художественных образов, положенная в основу зарождения и формирования детского фольклора, имеет высокую актуальность, что требует глубоких знаний и научного анализа.

Бейне - главный инструмент, раскрывающий тематический характер произведения и передающий его идейное единство. Таким образом, лисица - одно из животных, известных в фольклоре своей уникальной природой, ставшее стержнем народной литературы и ставшим идейным, эстетическим и художественным образом. Поэтому основная цель данной статьи – показать идейно-эстетическую роль бейне лисицы в развитии и процветании детского фольклора, в том числе песен пестования (пестушек) и юношеской поэзии. В ходе исследования был проанализирован уровень наглядности образа лисы путем анализа различных жанров детского фольклора. Подробно изучены сходства и различия лисы в природе и художественного образа в фольклоре. Руководствуясь теоретическими выводами фольклористов, обсуждались дидактические и эстетические функции в жанре детских песен и прибауток, небылиц, загадок. Смекалка, ум, грация и т.п. лисы определили ее роль в фольклоре как художественный образ. Он стал мощной силой, влияющей на мышление и сознание детей, воспитание и мировоззрение, а также образным инструментом для развития ума, сознания и мировоззрения ребенка.

Ключевые слова: детский фольклор, песни пестования (пестушки), колыбельные песни, образ лисы, образность.

References

1. Nurgali R. Adebiet teoriyası [Literary theory] (Foliant, Almaty, 2003. 344 p.) [in Kazakh]
2. Islamzhanuly K. Rukhani uyz [Spiritual union] (Ana tili, Almaty, 1995. 146 p.) [in Kazakh]
3. Kazak balalar adebietinin khrestomatiyası [Chrestomathy of Kazakh children's literature] (Mektep, Almaty, 1980. 358 p.) [in Kazakh]
4. Gabdullin M. Kazak khalkynyn auyz adebieti [Oral literature of the Kazakh people] (Mektep, Almaty, 1974. 318 p.) [in Kazakh]
5. Divaev. A. Kazak khalyk shygarmashylygy [Kazak folk poetry] (Altyn kitap, Astana, 2007. 347 p.) [in Kazakh]
6. Radlov V. Altyn sandyk [Gold box] (Ana tili, Almaty, 1993. 256 p.) [in Kazakh]
7. Auezov M. Adebiet tarikhı [History of literature] (Ana tili, Almaty, 1991. 239 p.) [in Kazakh]
8. Balalar fol'klory. Besik zhyry. Otirik olender. Mazaktamalar. Zhanyltpashtar. Sanamaktar (kurastyrgan L. A. Seyitova) [Children's folklore. Lullaby. False poems. Jokes. Tongue-twister. Counts] (Compiled by L. A. Seyitova) (Keleshek-2030, Kokshetau, 2008. 232 p.) [in Kazakh]
9. Akhmetov Sh. Kazak balalar adebieti tarikhynyn ocherki [Essay on the history of Kazakh children's literature] (Mektep, Almaty, 1965. 304 p.) [in Kazakh]
10. Istoriya odnogo ekspozitsionnogo eksponata. Lisa sovkhoznaya [History of one exhibit. State farm fox] 2007. Available at: <https://www.vokrugsveta.ru/vs/article/5964/> (Accessed: 4.06.2021) [in Russian]
11. Seyfullin S. Kazak adebieti (Kit.: S.Seyfullin. Shygarmalar) [Kazakh literature] (Book: S. Seifullin. Works) Vol. 6. (Gylym, Almaty, 1964. 495 p.) [in Kazakh]
12. Altyn abdyra. Kazak balalar auyz adebieti (kurastyrgan: O. Askar) [Gold rush. Kazakh children's oral literature] (Compiled by O. Askar) (Balasa, Almaty, 2007. 469 p.) [in Kazakh]
13. Smakov Zh. Zhangyryk [Echo] (Zhazushy, Almaty, 1976. 180 p.) [in Kazakh]
14. Kazak fol'kloristikasy (Zhalpy red. bas. M. Gabdullin) [Kazakh folklore science] (The general editor was headed by M. Gabdullin) (Gylym, Almaty, 1973. 299 p.) [in Kazakh]
15. Badmatsyrenova Ts. B. Detskiy fol'klor buryat: zhanrovo-tematicheskoe svoeobrazie: avtoreferat dis... kandidata filologicheskikh nauk [Children's folklore of the Buryats: genre and thematic originality: abstract of Candidate of Philological Sciences thesis]. 10.01.09. Buryat. State Un-ty. Ulan-Ude, 2005. P. 22.

Автор туралы мәлімет

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы – PhD, қазақ әдебиеті кафедрасының доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sagynadin Gulnaz Sagynadinkyzy – PhD, Associate Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.